

Абай ҒЗИ-да «Абай ілімі» пәнінен «Абай және Әуезов» тақырыбында пәнаралық дәрістер өтті

2022 жылы 26-29 қыркүйек аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған университеттік рухани-мәдени іс-шаралар апталығы аясында «Абай ілімі» пәні бойынша «Абай және Әуезов» тақырыбында пәнаралық дәрістер өткізді.

Апталық аясында апта бойында үздіксіз жүргізілген дәрістерге ҚазҰУ-дың филология, тарих, журналистика факультеттерінің студенттері белсене қатысып, тағылымды да мағыналы, рухани құндылыққа толы ақпараттар алды.

Дәрістердің модераторлары Абай институтының профессоры Төрегелді Тұяқбай, профессор м.а Ләйла Мұсалы, доцент Нұргүл Алдабек студенттерді дәріс мақсатымен таныстырып, Абай ҒЗИ вебсайтынан «М.Әуезов -125» электронды көрмесін таныстырды.

Алғашқы дәріс күнінің кіріспе сөзін тарих факультетінің деканы, т.ғ.д., қауымдастырылған профессор Досбол Байгунаков бастап, студенттер мен оқытушыларға, дәріс қонақтарына жылы лебізін білдірді. Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебайұлы «Абай және Әуезов» атты дәрісінде екі алыптың рухани-әдеби үндестігіне, әдебиет пен тарихтың байланысына шолу жасап, Мұхтар Әуезовтің Абайды танудағы және танытудағы, зерттеудегі ерекшеліктерін, «Абай ілімі» пәнінің негізгі мақсат-міндеттерін, пәнді оқытудың өзектілігін атап өтті.



Келесі екінші дәрісте филология ғылымдарының докторы, ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры, әдебиетші-ұстаз Өмірхан Әбдиманұлы Мұхтар Әуезовті қазақ руханиятының көшбасшысы ретінде бағалап, оның шығармашылық, қайраткерлік тұлғаға айналуына Абайдың көп әсері болғаны жөнінде әсерлі де дәйекті, мәнді ойларымен бөлісті.



«Аударма ісі» және «Шетел филологиясы» мамандықтарының орыс бөлімдеріне арналған сағатта филология ғылымдарының докторы, ҚазҰУ профессоры, Жазушылар Одағының мүшесі, аудармашы-ұстаз А.Ж.Жақсылықов, Абай ғылыми-зерттеу институтының профессоры, ақын әрі аудармашы Төрегелді Тұяқбай дәріс оқыды. Профессор Аслан Жәмілұлы Жақсылықов М. Әуезовтің шығармашылығына қысқаша шолу жасай отырып, Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін аудару тәжірибесімен бөлісті. Профессор Төрегелді Тұяқбайдың Абай өлеңдерінің неміс, орыс тілдеріне аударылуы төңірегіндегі пікірлері дәріс мазмұндылығын арттырды.



Журналистика факультеті студенттеріне арналған дәрісте филология ғылымдарының кандидаты, доцент Раушан Әбдіқұлова Абай Құнанбайұлының «Қара сөздеріндегі» жанрлық және мағыналық ерекшеліктер, ақынның туындыларындағы астарлы тақырыптар туралы берері мол дәріс оқыды.



Дәрістер барысында жазушы шығармаларының желісімен түсірілген «Көксерек» және «Қараш-Қараш» фильмдері, сондай-ақ, бейнежазбадан өз бейнесін көріп, аудиожазбадан жанды дауысын естіген әр студенттің көңілінде сан түрлі әсер туындап, көп өнеге алды. Жастар өз кезегінде

көкейіндегі сауалдарын да қойып, дәріскерлермен пікірлесті. Дәрістерден соң жалғасқан семинар сағаттарында студенттер Абайдың «Қара сөздерін» және өлеңдерін жатқа айтып, дәрістен алған әсерлерімен бөлісіп, өзара пікір алмасты.

Абай ГЗИ-дың ұйымдастыруымен «Абай ілімі» пәні бойынша өткізілген бұл дәрістердің болашақ мамандарға ұсынар рухани құндылығы жоғары, әр студенттің жадына сақтар ғибраты мол болды. Мұндай дәрістердің студенттерге ғана емес, оқытушыға, жалпы өз тыңдармандарына берер мәні аса жоғары екені даусыз.

А. Кенжеқожаева